

Сот шешімімен Ұлан ауданының коммуналдық менишігіне түскен болыш танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2017 жылғы 4 желтоқсандағы № 133 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 5332 болып тіркелді. Қолданысы 2021 жылдың 1 қаңтарына дейін тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2020 жылғы 17 маусымдағы № 386 шешімімен. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 ақпандағы № 133 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 21.02.2022 № 133 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қолданысы 01.01.2021 дейін тоқтатыла тұрады – Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы мәслихатының 17.06.2020 № 386 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 - бабының 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, сәйкес Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

Қоса беріліп отырған сот шешімімен Ұлан ауданының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

C. Кучерин

Ұлан аудандық маслихат

O. Сыдыков

хатшысы

Ұлан аудандық мәслихатының

2017 жылғы

"04" желтоқсандағы

№ 133 шешімімен бекітілді

Сот шешімімен Ұлан ауданының коммуналдық менишігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сот шешімімен Ұлан ауданының коммуналдық менишігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексіне сәйкес өзірленді және сот шешімімен Ұлан ауданының коммуналдық менишігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды (бұдан әрі – қалдықтар) басқару тәртібін айқындайды.

2. Қалдықтарды коммуналдық меншікке беру сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

3. Қалдықтарды басқару - бұл қалдықтарды бағалау, есепке алу, одан әрі пайдалану, сату, кәдеге жарату және жою бойынша қызмет.

4. Қалдықтарды басқаруды жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) жүзеге асырады.

5. Қалдықтарды басқару мақсатында жергілікті атқарушы орган мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінен комиссия құрады (бұдан әрі – Комиссия).

Қалдықтарды басқару бойынша жұмыстарды үйымдастыратын орган ретінде аудан әкімдігі коммуналдық мүлікті басқару саласында қызмет атқаруға уәкілеттік берген жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган белгіленеді.

2. Сот шешімімен коммуналдық менишікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару тәртібі

6. Қалдықтарды есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысымен бекітілген жекелеген негіздер бойынша мемлекет менишігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларыга сәйкес атқарылады.

7. Талап етілмеген қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жарату және жою бойынша жұмыстарды үйымдастыруды жергілікті атқарушы орган Комиссияның ұсыныстарын ескере отырып Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырады.

8. Қалдықтарды кәдеге жарату және жою бойынша көрсетілетін қызметтерге өнім берушіні таңдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Қалдықтар сатылғаннан, кәдеге жаратылғаннан және жойылғаннан кейін қалдықтардың орналасқан аумақтарын қалпына келтіру Қазақстан Республикасының жер заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

3. Қорытынды ережелер

10. Қалдықтармен жұмыс істеу барысында Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген талаптар сақталады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК